

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/MGMR4391>

***Г. Т. Тлеубердина¹, Б. С. Рахимов²,
Г. С. Бөкен³, С. Ж. Шахина⁴**

^{1,3}Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,

Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.

^{2,4}Е. Бөкетов атындағы

Қарағанды ұлттық зерттеу университеті,

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0574-643X>

²ORCID: <http://orcid.org/0000-0001-5022-0421>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1522-0191>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-6860-5352>

*e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ

Бұл еңбектің басты мақсаты тарихи эпостардың ерекшелігі мен маңызын, эпостағы тұлғалар образын ғылыми тұрғыдан талдау. Осы мақсатқа жету үшін алдымызға тарихи эпос туралы түсінік беру; тарихи жырлардағы батырлардың образын ашу; осы саланы зерттеуші ғалымдардың еңбектерін саралап, ғылыми ақпарат беру; жас ұрпаққа қаһарман батырларды таныту, қоғамға насихаттау міндеттері қойылды. Тарихи жырлардың жиналуы, жүйеленуі, жарыққа шығуы, одан әрі тарихи жырлардың ерекшеліктері, тегі мен дамуы, тұтастану үрдісі, сонан соң батырлар жыры мен тарихи жырлардың ортақ белгілері және айырмашылықтары сияқты мәселелерге ден қойылып, тың ой-тұжырымдар жасалды. Әсіресе, XVIII ғасырдағы оқиғаларды бейнелетін тарихи жырлардың көркемдік сипатын саралау барысында авторлар поэтикалық терең талдаулар жасап, сюжет пен деректілік сияқты мәселелерге тоқталды. Зерттеу нысаны ретінде Ер Олжабай, Қара Керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Өтеген батырлар жайлы тарихи жырлар алынды. Аталған тарихи жырлардағы көркемдік шындық мен тарихи шындық мәселелері қарастырылды. Ел болашағын, егемендігін аңсаған батырларды дәріптейтін тарихи жырлардың маңызы жазылды. Зерттеу жұмысын жазу барысында

тарихи-салыстырмалы, анализ-синтез сынды әдіс-тәсілдер қолданылды.

Кілтті сөздер: тарихи жыр, тарихи тұлға, образ, тарихи шындық, көркемдік шындық, еркіндік, саяси жағдай, халық

Кіріспе

Қазақ халқының тарихи тағдырында XV–XVIII ғасырдың алар орыны айрықша. Бұл кезең – қазақ хандығының дербестігі, бүтіндігі, қазақ халқының азаттығы сияқты алапат асқақ мәселелерді күн тәртібіне шығарған шақ. Ұлы мұрат жолында қазақ халқы шын мәніндегі елдік пен ерліктің үлесін көрсетіп, өзінің ұлттық болмысын біржолата қорғап қалды. Тарихи сыны мол шақта елдің амандығы мен жердің бүтіндігін мұрат тұтқан әйгілі тұлғалар тарих сахнасына шықты. Тәуке, Абылай сияқты хандар, Ер Олжабай, Қара Керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Бәсентиін Сырымалай, Балталы Оразымбет, Сіргелі Елшібек, Уақтан шыққан Баян, Тарақты Байғазы сияқты батырлар, Бұқар, Тәтіқара, Қанай, Толыбай, Төле, Әйтеке, Қазыбек сияқты шешен-билер бірі ақыл-айласымен, екіншісі ерлік істерімен, келесісі тапқырлық – даналығымен елінің амандығын, жерінің бүтіндігін қамтамасыз етті. Осынау эпикалық кезең өзінің рухына лайық жыр-толғауларды дүниеге әкеліп, қазақ халқының қаһарман ерлігі өлмес өнер тіліне түсті. Әсіресе, елім деп еңіреп туған батырлардың өнегелі өмірі мен ерлік істері туралы сыр шертетін тарихи жырлардың қалың шоғыры дүниеге келіп, олар шын мәнінде қазақ халқының асқақ рухын танытатын көркем шежіреге айналды.

Өкінішке орай, әлі де азаттық жолында арпалыспен ғұмыр кешкен қазақ батырлары туралы дүниеге келген тарихи жырлар, оның ішінде XVIII ғасыр аясында туындаған тарихи жырлар өзінің толық қалпында рухани айналымға толық түспей келеді.

Материалдар мен әдістері

Мақаланы жазу барысында қаһармандыққа толы ұлт тарихында өшпес із қалдырған тұлғалардың өмірі мен ерлігі дәріптелген реалды-тарихи эпостарды зерттеген Ш. Уәлиханов, Қ. Кемеңгерұлы, М. Әуезов [1], Х. Досмұхамедұлы, М. Тынышпаев, Қ. Жұмалиев, Р. Нұрғали, М. Қозыбаев, С. Қирабаев, С. Қасқабасов [2], Е. Тұрсынов, С. Оспанұлы, Б. С. Рахимов [3] сынды ғалымдардың ғылыми еңбектері қарастырылды.

Зерттеу тақырыбымыз ұлттық көлемде үлкен маңызға ие болғандықтан, әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеулеріндегі салыстырмалы талдаулары, одан шыққан қорытындылары мен құнды ойлары есепке алынды.

Тарихи жырларды зерттеу барысында билеуші бейнесі ашылатын жыр жолдарын топтастыру, басқа сөздермен ажырату үшін салғастыру және құрылымдық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар зерттеу

жұмысын жазу барысында тарихи-салыстырмалы, анализ-синтез сынды әдіс-тәсілдер және негізінен салыстырмалы әдістер кеңінен қолданылды. Ол үшін бақылаудың түрлері үздіксіз қарастырылып, жинақтау, жүйелеу және қорытындылау арқылы орындалып отырды. Жалқыдан жалпыға қарай орындалу амалдары жүзеге асырылды.

Нәтижелер және талқылау

XVIII ғасырдағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысына байланысты туған тарихи жырлардағы қаһармандар бейнелерін де, жыршылар романтикалық асқар биікке көтеріп, оптимистік рухта жырлайды. Қазақ халқын «Ақтабан шұбырындыға» ұшыратқан жоңғарлардан елін қорғау жолында ерлік көрсеткен, қасарысқан жауға қарсы аттанған батырлардың образын жасау үшін жыршы ақындар бірнеше әдістер қолданады. Әдетте батырлар жырында батырдың бойындағы асыл қасиеттер оның дүниеге келмей жатқан кезінде айтылып, туғаннан кейін-ақ көрген жандар таңқаларлық әрекеттер жасалады. Олай болуының себебі біріншіден, сыртқы жаулардан қорғайтын батыр ұл болу керек, екіншіден, ондай батырдың жаратылысы да бөлек болады деген халық қиялының көрінісі. Тарихи жырларда батырлардың ерекше ержүрек болатын себептері көбіне арғы ата-бабаларының батыр болуына байланысты екендігін көрсету басым. Мысалы: Жәнібектің арғы бабаларының бәрі батыр екендігі айтылады. Жырда Жәнібек дүниеге келмей тұрып, атасы Шақшаққа бабасы: «Қошқардан туатын баланың аты Жәнібек болсын, ол дүниенің төрт бұрышын билейтін адам болады, оның бақ дәрежесі жеті атаға жетеді», [4, 65-б.] – деп аян береді. Ал, «Олжабай батыр» жырында нағашысы Қаратай батыр, әкесі айтулы би екендігі ерекшелей көрсетіледі.

Тарихи жырлардағы образдың айрықша ашылатын тұсы, жаумен кездесудегі, жекпе-жектегі ерлігін суреттегендігінен байқалады. Батырлар жырында қалыңдығы үшін, еліне залал келтірген сыртқы жаулармен болатын шайқастардағы батырдың алып күшін көрсетіп, сол арқылы оның ерлік істерін, мінез-құлықтарын даралай көрсететіні белгілі. Соның бәрінде батыр – жалғыз. Тарихи жырларда қаһармандар тек сыртқы жаулармен шайқасады. Жаумен шайқаста кейіпкерлер жалғыз өзі барып қырып тастамайды, қасына әскер ертіп, атақтары алашқа белгілі болған батырлармен қол бастап барады. Сөйтіп, қол бастаған көп батырлардың арасынан жыршы-ақындар өздері әңгіме қылып отырған батырдың жекпе-жегін жекелей алып жырлайды. Оның батырлығы басқаларға қарағанда, ерекше сипатқа ие болады. Мысалы, шақшақ Жәнібек батыр жырында:

Айбалтаның сыртымен
Салдырмай қалмақ қағады.
Айбалтаны Жәнібек,
Тигізбей тартып алады.

Суырып алып көк қылыш
Қалқанының сыртынан,
Батыр Жәнібек шабады.
Қақ жарып түсті қалмақты [5, 145-б.] – дейді.

Тарихи жырлардың нұсқаларынан батырлар ерлігін даралай көрсеткен мұндай сипаттауларды көптеп табуға болады. Айталық, Абылайға байланысты жырда жау батырына айқасқа шығар ешкім табыла қоймайды. Жыршы ақындар Қабанбай, Бөгенбай тағы басқа батырлар арасынан Абылайды жекпе-жекте кездестіреді. Қабанбай жырында жаудың батырына қазақ батырларының ешқайсысы шақ келмейді. Ақырында Қабанбайдың өзі шығып жеңеді.

Тарихи жырлардағы образ жасаудағы енді бір ерекшелік, жыршы ақындар батыр образын қаһармандардың өз сөзімен жасайды. Батырлардың монолог түрінде айтатын сөздері арқылы да көптеген ерлік істеріне куә боласын. Бұндай серттесу батырлар жырында да молынан кездеседі. «Тұлпар ат батырдың ең жақын серігі, яғни ер қанаты. Ол батырдың образын толықтыра түседі» [1, 192-б.] – деген М. О. Әуезовтің пікірі дәлелді. «Өтеген батыр» жырындағы батырдың халқына берген анты да батыр бейнесін даралайтындай. Оған дәлелді:

Тыңда, халқым, мені де.
Мен тұрғанда қуанып,
Жеткенін білдім бағаның,
Сарбазын қырып қалдырмай
Ханның басын аламын...
Кек алмай тоқтап тұра алман.

Бақытқа туған баламын [5, 148-б.] – деген жолдарды ұшыратамыз. Осының өзі батырлық эпостағы үй-ішінің намысы, үйлену жайлары емес, қайта батырдың «бақытқа туған баламын», – деуі де батырдың бейнесінің көркемдігін арттыра түскен. Мұндай жағдайды қырғыз халқының «Шырдарбек» эпосындағы батырдың сөздерінен де кездестірдік. Тарихи жырдағы кейіпкер бейнесін жасауда жыршы-ақындар халық аңыздарын толығынан пайдалана білген. Қаһармандардың батырлықтарымен қоса оларды «сегіз қырлы, бір сырлы» ақыл-парасаттың адамдары ретінде көрсету бар. Бұған дәлелді Абылайға байланысты жырлардағы Абылай мен Қалданның сөзінен, «Сырым батыр» жырындағы батырдың Бұхар ханымен сөйлесуіндегі тапқырлық шешендіктерінен көреміз. Сондай-ақ, тарихи жырлардағы батырларға хан мен билер тарапынан берілген баталар негізінен халық аңыздарында айтылып келсе де, жырды айтушылар оны батырдың сол айтқан тілегіне сай болды деген идеяны көрсету үшін енгізген.

Батырлық жырларындағыдай, тарихи жырларда қаһарманның сырт келбетін (портретін) беруде де өзіне тән ерекшеліктер бар. Тарихи жырларда батыр келбеті көбіне ер жетіп, жауға аттанған сәтінен беріле бастайды. Тілеміс Есболұлының нұсқасындағы Өтеген бейнесіне назар аударайық:

Қыр мұрын, қара торы, қабағы тік.

Денесі өз теңінен өткен биік.

Тәбеге нысаналы мүйіз бітіп,

Жаратқан адам екен өзгеше қып [5, 4-б.] – делінеді.

Адамның дене мүшесіне ерекше ажар беру сипаты басқа халықтардың ауыз әдебиетінде кездеседі. Тағы бір айта кететін мәселе ол – қан майдандағы жекпе-жектегі батырлардың қарсыластары тарихи жырда осал адамдар емес, атақтары ерте шыққан айбынды батырлар болып келеді. Осылардың бәрі жыршы-ақындар образының сыртқы келбетін, ерлік істерін, алыс-тартыс күрестерін сипаттап, қаһармандар рухының керемет күші мен қасиеттерін ашу үшін алады. Міне, эпикалық дүниенің бірі – тарихи жырлардағы адам бейнелерін жасау жолдары. Бұл – образдың алғашқы мағынасы болып табылмақ.

Тарихи жырлардың қайсы болса да түрлі варианттарда кездескенімен, негізінен оқиғаға құрылады, сюжетсіз жыр болмайды. Жыр үлгілерінің сюжеттік құрылыс жырдағы басты кейіпкер жайын, оның ағайын-жұрты, жорықтағы жолдас-жоралары және олардың бір-бірімен қарым-қатынасы, қуанышы мен күйініші, алыс-тартыс шайқастары жайын суреттеуден тұрады.

Ал, тарихи жырлардың көркемдік формасында қандай ерекшеліктер барлығын анықтау да, өз алдына жеке бір жақтан тың мәселелердің бірі.

Тарихи жырлардағы көптеген оқиғалардың желісін біз жоғарыда аңыздар және тарихи өлеңдерден табамыз деген едік. Шындығында, тарихи жырларда аңыз-әңгімелердің фабулалары кездесетіндігін аңғару қиын емес. Сонымен қатар, тарихи өлең жанрындағы ұзағынан жырланатын толғау түрінде кездесетін белгілі оқиғалар да тарихи жыр сюжетіне өзіндік орын алған. Бұл әрине, өлеңдегі эпикалық сипаттың басымдылығынан болған. Айталық, Н. Колпакова өзінің еңбегінде: «Лирикалық өлеңдердің жыр мен ертегіге ұқсамайтын ерекше сюжеттік заңдылықтары болады. Кейбір өлеңдерде кейіпкерлердің қимылы, іс-әрекеттің дамуы мүлде көрінбейді, тек оқиға нәтижесінде (туатын сюжеттік ситуация ғана беріледі [6, 148-б.] – деуі де, осыдан болса керек. Дегенмен, мұның өзі ақын-жыршылардың, не ертекшінің өз мәнері, өзіндік тілі, стилі болатыны сияқты, әр халықтың фольклорына біткен ұлттық ерекшелігіне байланысты. Батырлық жырлардың сюжеті мен композициялық құрылымы ертегілерімен салыстырыла қаралады. Ал, біздіңше тарихи жырлардың сюжеті мен композициясын сөз етуде оның

тарихи өлең, аңыздармен байланысын көрсете отырып, батырлық жырлармен салыстыра қарауды жөн деген ойдамыз.

Айталық, орыс фольклортану саласында жемісті еңбек етіп келе жатқан ғалымдардың бірі – Н. А. Криничнаяның «Народные исторические песни начала XVIII века» деген монографиялық еңбегінде, ғалым әрбір сюжетті нақтылы тексергенде, негізінен көптеген шарттылықты есте ұстау керектігін ескертеді. Атап айтқанда, ол өмір шындығы мен фольклордың арақатынасын, қиялдық табиғатын, тарихтың «бұрмалауын», хронологияның сақталмауын, оқиғаларды халықтың өзінше түсінуін, халықтың тарихи санасының шытырман әрі қайшылықты болып отыратындығын, фольклорда түрлі идеологияның қат-қабат келуін, болмысты эстетикалық қабылдаудың ерекшелігін, тарихи жырда қаһармандардың даралық бейнесін нақтылана түсу тенденциясын есепке алу қажеттігін басты талап ретінде қарайды [7, 22-б.]. Тарихи жырлар оқиғалары да, батырлық жырлардағыдай бірнеше оқиғадан тұрады. Сол оқиғалардың барлығы композиция арқылы тұтасып, қиюласады. Батырлық жырлардың құрылысына тән ерекшеліктей, тарихи жырларда да оқиға басты кейіпкер төңірегінде болады.

XVIII ғасырдағы оқиғаларға байланысты туған тарихи жырлардағы қаһармандар бейнесін жасауда, жыршы-ақындар көбіне тарихта болған әйгілі батырлардың жасы ұлғайған кезіндегі іс-әрекеттерін молырақ жырлайды. Бұлай болуының да өзіндік заңдылығы бар. Себебі, кейіпкерлердің алдағы өмірінен гөрі, айтушыларға анағұрлым көбірек білетін, бертіндегі әрекеттерін тілге тиек ету пайдалырақ болған [8]. XVIII ғасырдағы қазақ-қалмақ соғысындағы ерліктің ерен тұлғасы Бөгенбай батыр жайындағы тарихи жырлар оқиғасының басталуы жоғарыдағы Қабанбайға арналған жырға ұқсас. Молдажан Жадайұлынан жазылып алынған «Бөгенбай батыр» жырының сюжеттік құрылысына «Ақтабан шұбырынды» кезіндегі қазақ пен қалмақ жауласуындағы Бөгенбайдың батырлығын көрсету арқау болған.

Ал, ғалымдардың көбірек назар аударып, мазмұнын сөз етіп жүрген С. Аманжолов құрастырған «Бөгенбай батыр» оқиғасының басталуында батырдың шыққан ортасын, туған-туыстарын таныстыру үлкен орын алады. Жырдың экспозициясы кең көлемде беріледі. Бөгенбайдың ерлік істеріне де орын беріледі. Айтушы оны былайша сипаттайды:

Екпіні Бөгенбайдың желдей ескен,
Дұшпанмен қарсыласқан сан белдескен.
Қалмақтың Шынар деген ханының да,
Тағында қайрат қылып басын кескен.

Бөгеннен ыза-қорлық көп көрген соң,

Байсындың өзенінен қалмақ көшкен [5, 5-б.] – делініп, одан әрі батырдың Әбілмәмбет ханға да ашық қарсы шыға алатындығы айтылады. Бөгенбайға бағынып тұратын Құлжабек пен Есімбек деген төрелер бар.

Жырдағы оқиға батырдың нәрестеге зар болуы қайғысы арқылы дамытылады. Ол үшін Бөгенбайдың зор беделін көре алмайтын, батырға астыртын өшпенділік жасап жүрген Құлжабек пен Есімбектердің әрекеті айтылады. Сөйтіп, жырдағы негізгі тартыс басталады. Жырдағы тартыстың басы Бөгенбай мен төрелердің арасында өтсе де, қақтығыс оқиғаларына олар тікелей қатыспайды. Бір-бірімен жауласа бастаған бір елдің тағдырын жыршы екіге бөліп, жырдағы оқиғаның желісін шиеленістіреді.

Тарихи жырларды зерттеуші Р. Бердібаевтың: «Кейбір жырлар оқиғасының күрделілігі, кейіпкерлердің молдығы, әлеуметтік қайшылықтарын ашу дәрежесі жағынан роман құрылысына жақындайды. Мұның қатарына «Бөгенбай» жырын жатқызуға болады» – деген пікірі жырдың сюжеті мен композициясына тікелей қатысты айтылған. Ал, жырдың жартылай қаһармандық, жартылай әлеуметтік-тұрмыстық эпос үлгісінде тууы әркімді ойландыруы тиіс. Тарихи жырға қатысты мәселеде оны еске ұстау керек.

XVIII ғасырдағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысына байланысты туған тарихи жырдың ішіндегі «Шақшақ Жәнібек батыр», «Олжабай батыр», «Өтеген батыр» жайындағы жырлардың сюжеттік өрбулерінде ұқсастықтар да кездеседі. Оған көз жеткізу үшін аталған жырларды салыстыра қарау керек. Басты ұқсастықтар аталып отырған жырлардың басталуынан аңғарылады. «Шақшақ Жәнібек батыр» жыры батырдың ата-тегін таныстырудан басталады. Батырлар жырындағы «Ер Тарғынды» таныстыратын қарасөз нұсқасындай Жәнібекке байланысты жыр да қара сөзбен басталған. Болашақ батырдың Қошқар арғы бабалары Көшей, Шақшақтар заманында даңқы шыққан батырлар делінеді. Ел ішіндегі аңыз айтатын батырдың арғы бабалары да асқан батырлар екені айтылып, әсіресе, Шақшақтың әрі батыр, әрі би болғандылығы дәріптелінеді. Жырда аңыздың желісі толық сақталғандығын көреміз. Жоңғар жаулаушыларына қарсы күресте дәріптелетін батырлардың бірі - Олжабай батыр. «Олжабай батыр» жырының басталуы да оның арғы ата-бабаларын таныстырумен ерекшелінеді. Бірақ бұл жыр қара сөзбен емес, жыр тілімен басталған. Жәнібектің бабаларындай Олжабайдың әкесі – Толыбай, бабасы атақты – Айдабол би, нағашысы – Қаратай батырлар да осал адамдар емес, бұның өзі Олжабайдың тектілігін танытады. Батырға қатысты жырдың басталуы туралы біздің пікірімізді, жырды алғаш зерттеуші Б. Адамбаевтың: «Олжабай батыр» жыры батырдың ата-тегімен, ағайын-туыстарымен таныстырудан басталады [9, 141-б.] – деген пікірі де дәлелдейді. Дегенмен де, тарихи жырлардың ішіндегі көбінесе жер-

су аттары молынан ұшырайтыны Олжабай батыр жөніндегі жыр екендігіне ешкім талас тудырмас. Ол жырдың басынан-ақ көрініс береді:

Баласы Орта жүздің Сыр бойында,
Мал жұтар, жау шабар жоқ тіпті ойында.
Жаз жайлауы Арқа мен Баянауыл.
Жайқалған бетегенің мол ойын да.
Сәні артық талай жерден Қарқаралың.
Көкшетау гүлі екен бозбаланың,
Кезеңнен аса соққан салқын самал,
Қызығын халық көрген ен даланың.
Көкшетау көз кезеңін аса көшіп,
Көш тартқан арманы жоқ қыз баланың.
Еділ менен Ертістің арасында.

Семірген құр аттай боп құлын-тайың», [5, 175-б.]. – деп суреттеледі. Бұның өзі айтушы ақынның өзіндік ізденісін танытады. Басқа эпикалық туындыларда жер-су аттарына кеңінен тоқталып жатпайды.

XVIII ғасырдағы эпосқа тән батырдың туған-туыстарын таныстырулар «Өтеген батыр» жырында бар. Мысалы, Тілеміс Есболұлынан жазылып алынған «Өтеген батыр» атты жырда Өтегеннің арғы аталары дәріптеліп, өз әкесі Өтеғұлдың батыр екендігін ерекшелей көрсетеді. Оның он екі баласы обаға ұшырап, ақырында солардың өтеуі ретінде Өтеген дүниеге келеді. Мұны Өтегенге байланысты аңыздар да растайды. Бұрынғы батырлар жырындағы суреттелетін Байбөрі, Тоқтарбайлармен салыстырғанда Өтеғұлдың образы өзгеше беріледі. Аталған үш жырдың кіріспесіндегі негізгі ұқсастықтар осылай болып келеді. Сөйтіп, болашақ батырларымыздың дүниеге келуін баян ететін экспозициялардың ортақтасатын тұсын көреміз.

Талдаудағы алынып отырған жырлардың құрылысындағы ұқсастықтарын айқындайтын тұстарды сюжеттік байланыстарын да байқаймыз. Біз сөз етіп отырған, халық ақыны Иманжан Жылқайдаров жырлайтын «Шақшақ Жәнібек батыр» атты жырдағы сюжеттік байланыс құрылымы батырдың ат жалын тартып мінуге жарасымен-ақ. «Жиен құрық» алу үшін туған нағашы ағасы Ұлы жүз Бектас қарттың он екі айғыр үйір жылқысынан таңдап бесіре ат алуынан басталады. Бестісіне дейін жүген, құрық тимеген асау күреңді Жәнібек өзі ұстап басына жүген салады. «Алпамыс батыр» жырындағы батырдың Байшұбарды ұстап мінетін сәті еріксіз еске түседі. Жыршылардың батырға тән мінезді көрсетуіндегі ерекшелік негізі Жәнібек жайындағы жырда былайша суреттеледі:

Жылқыны тас иіріп жақын келді,
Ұстады шоқтығы мен кекілінен,
Өкіртіп басып тұрып жүгендеді,

Тарттырды ерін салып айыл-тартпа,

Формасы ұқсамаған жылқы қатқа

Иесіне сай келген десті көп жұрт.

Жәнібек мінгенінде тұлпар атқа [5, 185-6.] – деп, болашақ батыр ерлігінен хабар береді. Астына айбынды тұлпар мінген батырымыз бірден жауға аттанбай, оның Орта жүзге қадірлі Керей абыздан бата алуы эпос қаһарманының тұлғасын жасаудағы заңдылықтардың бірі. Басты кейіпкерлеріміздің жолға шығатындығын білдіруде батаның атқарып тұрған рөлі ерекше. Абыздың Жәнібекке берген батасы жырды көркемдей, шырайландыра түскендігін төмендегі жолдардан көреміз:

...Лұқмандай милы бол, балам,

Залдай терең ойлы бол балам.

Сабырлыққа Аюптай бол балам.

Рүстемдей батыр бол қайықпай балам,

Дауыттай ұлды бол балам,

Мұхаметтей көзді бол, балам.

Әділ тура сөзді бол, балам [5, 186-6.] – деп, одан әрі қарай да шығыстың қазақтың ұғымындағы ең даңқты адамдарының басындағы лағыл қасиеттері мен батырлардың асыл тектіліктері тізіледі. Мұның жалпы жырдың шығу кезеңін айқындауда да септігі бар. Бата жайында айтқан М. О. Әуезовтің: «Қазақ халқының мұсылман дінін қабылдағаннан кейінгі кезеңі «бата» жырын туғызған. Біреу сапар шегер алдында, үлкен іс бастарда, тағы да басқа реттерде оған оң тілеу айтылып, бата берілген [1, 172-6.] – деген пікірінің құндылығын көреміз. Қазақтағы баталардың озық үлгілері XVIII ғасыр кезеңінде туғандығын анықтайтын деректер жеткілікті.

«Олжабай батыр» жырындағы сюжеттік байланысқа негіз болған жағдай Олжабайдың әкесі Толыбайдың жастайынан мініп жүрген Тайкүреңінің жоғалып, сол атты іздеуден басталады. Батырлық жырларындағыдай өзіне лайықты жар іздеу мотиві тарихи жырларда жоқ. Жоғарыдағы «Шақшақ Жәнібек батыр» жырында Жәнібектің өзіне керекті тұлпар іздеуі айтылса, «Олжабай батыр» жырының Сақау ақын айтатын нұсқасында Олжабай әкесінің жүйрігін іздеп шығады. Демек, сюжеттік байланыс өзегі біреу, батырлардың алғашқы сапарларын ат мәселесінен туындатуы ақын-жыраулардың тегін емес Жәнібектің алғаш мықтылығын «жүген-құрық» тимеген шу асауды ұстатып сынаушы нағашысы болса, Олжабайды алғаш сынаушы өз әкесі екендігін көреміз. Сонымен қатар, ат іздеуге талап қылған Олжабайға да әкесі ақ батасын береді. Бірақ алғашқы бата Жәнібек іздеп барғанда берілсе, Олжабай батыр жырында әкесі ақ қошқар сойып, ас беру рәсімін жасайды. Қайсы болсын қазақтың жөн-жоралғысын білдіреді. Мұның

өзі ұлттық әдет-ғұрыптың озық үлгілері болып табылады. Олжабайға берген әкесінің батасы мынадай:

Он сегіз мың ғаламды жаратушы.
Баламды жамандықтан жүргей қағып,
Қырық шілтен, он екі имам ғайып ерен.
Адасса жар болыңыз қолдан алып
Бір күні сапар тартты бұл жас бала
Қасында жолдасы жоқ жеке дара.
Бір атты іздеймін деп намыс үшін,
Болам ба әлде қалай мен бір нала?
Балам, қайда барсаң жолың болсын,

Айтамын сен келгенше аққа сана, – делінген [10, 7–8-бб.]. Сөйтіп, астына өз тұлпары Тайкөкті мініп, қарына садақ іліп Олжабай аттанып кетеді.

Жоғарыда айтылған жырлардың сюжеттік байланысымен өзектес тарихи жырдардың бірі – Тілеміс Есболұлының «Өтеген батыр» жыры. Мұнда да өзіне лайықты атты Өтеген өзі тауып мінеді. Қаракөкті ұстап мінітетін Өтегеннің әрекеті де, ежелгі эпикалық эпостың өзімізге таныс жолдарын еске салады.

Біз жырлардың басталуы мен байланысындағы табиғи ортақтасатын белгілерді тілге тиек еттік. Енді, сол жырлардағы оқиғаның даму ситуацияларына көз жүгіртіп көрейік. Жәнібек жайындағы жырда батырдың ер қаруын асынып, жолда Қабанбай, Бөгенбайларға кездесуі арқылы оқиға дамытылады. Ал, жырдағы батырдың Аралбай есімді қалмақ ханының жаулаушы әскеріне қарсы соғысқа қатысып, дұшпан батырын жеңуі, Түркістанды жаудан босататын жойқын ұрыста болып, асқан ерлік көрсетулері бір оқиғадан кейін, екіншісін тудыру арқылы үлкен тартыспен беріледі. Жыр композициясындағы монологтар батырлар жырындағы Алпамыс, Қобыландылардың іштей кеңесулерін еске салады. “Өтеген батыр” жырында да негізгі тартыс қалмаққа аттану арқылы дамытылады. Жекпе-жекте Тайшықты жеңуіндегі айқасын тартысқа құру эпосқа тән белгілерді толық танытады. Батырдың Жиделі Байсынды іздеуі жыр құрылысындағы ерекшелік болып табылады. Олжабайға қатысты тарихи жырда да, батырдың әуелі жоғалған әкесінің атын алып келгеннен кейін, ерлігін естіген Бөгенбайдың іздеп келуі арқылы дамытылады. Жырда Олжабайдың ерлігін көрсететін бірнеше оқиғалар айтылып, оның жекпе-жектері де көбейтіліп көрсетіледі. Олжабаймен жекпе-жекке шығатындардың көбінесе бітімге келіп отыруы батырдың образын ерекшелей түседі. Өтеген батыр жырындағыдай Олжабай да қазаққа жайлы қоныс іздеп жер шолады. Ал, жырдағы қазақ елінің ішкі қайшылығын аңғартатын Абылай хан мен Олжабай арасындағы оқиғалар, аңыз сюжетінің негізін бойына сіңірген.

Сөз болып отырған жыр нұсқаларында Жәнібек, Олжабай, Өтеген жырдағы басты кейіпкерлер болса, қалмақтармен қақтығыс кезінде олар жалғыз емес, олардың қасында қазақ жерін XVIII ғасырда жаудан қорғаған батырлар есімі де құрметпен дәріптеледі. Бұл – тарихи жырларды ортақтастыратын басты белгілердің бірі. Жыршы – ақындар батырлардың ерлігін ерекшелеуде бірнеше оқиғалар арқылы дамытып, елі мен жеріне көз алартқан дұшпандарын жеңдіреді. Мұны біздің назарымызға алынып отырған Жәнібек, Олжабай, Өтеген жырларынан да көреміз. Бұл – жырлардағы сюжеттік дамудың ең жоғарғы сатысы. батырлар ерлігінің мейлінше күшейтіліп, дараланып жеткен жері, өзекті тартыстың шарықтап шыққан биігі демекпіз. Олай болса, аталған жырлардың шарықтау шегіне жеткендігі анық.

Ал жыр үлгілерінің басталулары бірдей болып келетіні сияқты, аяқталуларында да ортақтастықтарды көреміз. Ол – қаһармандарымыздың мұрат-мақсатына жетіп, өзі өлсе де ісі өлмейтіндігін көрсету болмақ.

Қорытынды

Ойымызды түйіндейтін болсақ, тарихи жырлар турасында жазылған бұл мақаланы жазу барасында, біздің алдын – ала дайындығымыз және көптеген жыр үлгілерін жинақтаған еңбектеріміз бар болатын. Ізденісіміз көпшіліктің кәдесіне жарап, ғылыми ой өрбітуге септігін тигізіп жатса еңбектің еш кетпегені. Бүгінгі күннің ең бір өзекті мәселелері өткендегі өшкенімізді, үзілген үміттерімізді қайта жалғап, жаңғырту, жұртшылық назарына ұсыну басты мақсатымыз болды. Осы мақалада тарихи жырлардың бәрін саралап, жіктеп – жіліктеп тастадық деуден аулақпыз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Әуезов, М.** Эпос и фольклор казахского народа. Таңдамалы: Қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми еңбектер : монография, зерттеулер, мақалалар, сөздер, баяндамалар, хаттар [Мәтін]. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1997. – 512-б.

2 **Қасқабасов, С.** Тарихи жырлардың зерттелуі мен жанрлық сипаты [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1979. – 208-б.

3 **Рахымов, Б. С.** Тарихи эпос табиғаты [Мәтін]. – Қарағанды : ҚарМУ, 1999. – 235 б.

4 **Мәшімбаев, С.** Патшалық Ресейдің отарлық саясаты (Оқулық) [Мәтін] – Алматы : Санат, 1994. – 135-б.

5 Бабалар сөзі : Жүзтомдық [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2010. – Т. 62: Тарихи жырлар. – 376-б.

6 **Бердібаева, С. Қ.** Тұлға психологиясы [Мәтін]. – Алматы, 2016. – 154-б.

7 **Аничков, И. В.** Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхаммедов [Мәтін]. – Қазан, 1894. – 235-б.

8 **Aitbayeva, B. M., Rakhmetova, B. A., Maulenova, A. M., Smailova, A. C., Rahimov, B. C.** Functions of expressive facilities in heroic epos [Мәтін].// Ponte, 2017. – 73(10). – P. 43–47. [Electronic resource]. – <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0>

9 **Aitbayeva, B. M., Rakhimov, B. S., Shahina, S. Zh., Kadina, Z. Z., Ahmetzhanova, Z. B.** Determination of national nature of a song as expression of artistic concept of ethnicity [Мәтін]. // Astra Salvensis, 2021. – P. 211–225.

10 **Бердібаев, Р.** Қазақ тарихи жырларының мәселелері [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1979. – 312-б.

References

1 **Äuezov, M.** Epos i föklor kazahskogo naroda. Tañdamaly: Qazaq jäne orys tilderindegi ğylymi eñbekter : monografia, zertteuler, maqalalar, sözder, baıandamalar, hattar [Epic and folklore of the Kazakh people. Selected: scientific works in Kazakh and Russian languages: monographs, research, articles, words, reports, letters] [Text]. – Almaty : Kazakh encyclopedia, 1997. – 512 p. In Kaz.

2 **Qasqabasov, S.** Tarihi jyrlardyñ zerttelui men janrlıq sipaty [The study and genre nature of historical songs] [Text]. – Almaty : Science, 1979. – 208 p. In Kaz.

3 **Rahymov, B. S.** Tarihi epos tabıǵaty [The nature of the historical epic] [Text]. – Karaganda : Karsu, 1999. – 235 p. In Kaz.

4 **Mäşimbaev, S.** Patşalyq Reseidñ otarlyq saiasaty [Colonial policy of Tsarist Russia] [Text]. – Almaty : Sanat, 1994. – 135 p. In Kaz.

5 Babalar sözi: Jüztomdyq [Word of ancestors: Hundredthome] [Text]. – Astana: Foliant, 2010. T. 62 : Tarihi jyrlar. – 376 p. In Kaz.

6 **Berdıbaeva, S. Q.** Tülǵa psihologiasy [Psychology of personality] [Text]. – Almaty, 2016. – 154 p. In Kaz.

7 **Anichkov, İ. V.** Qazaq batyry Janqoja Nürmühammedov [Kazakh hero Zhankozha Nurmukhammedov] [Text]. – Qazan, 1894. – 235 p. In Kaz.

8 **Aitbayeva, B. M., Rakhmetova, B. A., Maulenova, A. M., Smailova, A. C., Rahimov, B. C.** Functions of expressive facilities in heroic epos [Мәтін].// Ponte, 2017. – 73(10). – P. 43–47. [Electronic resource]. – <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0>

9 **Aitbayeva, B. M., Rakhimov, B. S., Shahina, S. Zh., Kadina, Z. Z., Ahmetzhanova, Z. B.** Determination of national nature of a song as expression of artistic concept of ethnicity [Text]. // Astra Salvensis, 2021. – P. 211–225.

10 **Berdibaev, R.** Qazaq tarihi jyrlarynyñ мәseleleri [Problems of Kazakh historical songs] [Text]. – Almaty : Gylym, 1979. – 312 p. In Kaz.

13.01.25 ж. баспаға түсті.

08.07.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. Т. Тлеубердина¹, Б. С. Рахимов², Г. С. Бокен³, С. Ж. Шахина⁴

^{1,3}Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова,

Республика Казахстан, г. Кокшетау;

^{2,4}Карагандинский национальный

исследовательский университет имени Е. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда.

Поступило в редакцию 13.01.25.

Поступило с исправлениями 08.07.25.

Принято в печать 25.11.25.

СИСТЕМА ОБРАЗОВ В ИСТОРИЧЕСКИХ ПОЭМАХ

Основной целью данной работы является научный анализ специфики и значения исторических эпосов, образа личностей в эпосе. Для достижения этой цели перед нами поставлены задачи: дать представление об историческом эпосе; раскрыть образ героев в исторических поэмах; дифференцировать труды ученых-исследователей в этой области и предоставить научную информацию; ознакомить молодое поколение с героями исторических эпосов, пропагандировать их в обществе. Были рассмотрены такие проблемы, как сбор, систематизация, публикация исторических поэм, особенности, происхождение и развитие исторических поэм, процесс обобщения, а затем общие черты и различия героических и исторических поэм и сформированы новые идеи. В частности, в ходе анализа художественного характера исторических поэм, отражающих события XVIII века, авторы провели глубокий поэтический анализ и затронули такие вопросы, как сюжет и достоверность.

Объектом исследования стали исторические поэмы о героях Ер Олжабае, Кара Керее Кабанбае, Канжигалы Боженбае, Шакчаке Жанибеке, Отегене. Рассматривались проблемы художественной действительности и исторической реальности в этих исторических поэмах. Отмечено значение исторических поэм, прославляющих

героев, жаждущих будущего и суверенитета страны. В ходе исследовательской работы были использованы такие методы, как историко-сравнительный и аналитико-синтетический.

Ключевые слова: историческая поэма, историческая личность, образ, историческая реальность, художественная действительность, свобода, политическая ситуация, народ.

*G. T. Tleuberdina¹, B. S. Rakhimov², G. S. Bakin³, S. J. Shakhina⁴

^{1,3}Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov,

Republic of Kazakhstan, Kokshetau;

^{2,4}E. Buketov Karaganda National Research University,

Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Received 13.01.25.

Received in revised form 08.07.25.

Accepted for publication 25.11.25.

THE SYSTEM OF IMAGES IN HISTORICAL POEMS

The main purpose of this work is a scientific analysis of the specifics and significance of historical epics, the image of personalities in the epic. To achieve this goal, we have set ourselves the following tasks: to give an idea of the historical epic; to reveal the image of heroes in historical poems; to differentiate the works of research scientists in this field and provide scientific information; to familiarize the younger generation with the heroes of historical epics, to promote them in society. Problems such as the collection, systematization, and publication of historical poems, the features, origin, and development of historical poems, the process of generalization, and then the common features and differences of heroic and historical poems were considered, and new ideas were formed. In particular, during the analysis of the artistic nature of historical poems reflecting the events of the XVIII century, the authors conducted a deep poetic analysis and touched upon issues such as plot and authenticity. The objects of the research were historical poems about the heroes Yerzhabai, Kara Kerei Kabanbai, Kanzhigaly Bogenbai, Shakchak Zhanibek, Otegen. The problems of artistic reality and historical reality in these historical poems were considered. The importance of historical poems glorifying heroes who long for the future and sovereignty of the country is noted. In the course of the research, such methods as historical-comparative and analytical-synthetic were used.

Keywords: historical poem, historical personality, image, historical reality, artistic reality, freedom, political situation, people.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz